

**Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық  
жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдерін ішкі талдау бойынша  
талдамалық анықтама**

Шымкент қаласы

09.08.2022 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (әрі қарай – Кәсіпорын) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2022 жылғы 12 шілде мен 05 тамыз аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2022 жылдың 01 қаңтар мен 01 мамыр айлары аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобының құрамы Кәсіпорын бас дәрігерінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі №101-н/қ бұйрығымен бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**1.Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу

2022 жылдың 01 қаңтар мен 01 мамыр айлары аралығында 13 жұмыскер жұмысқа қабылданып, 18 жұмыскер жұмыстан босатылған. Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа жұмыскерлер ішкі еңбек тәртібі және лауазымдық нұсқаулықтарымен таныстырылады. Жұмысқа қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау Enbek.kz – электрондық сайтында бос лауазымдарға өтінім беру арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыскерлерді жұмыстан шығарудың негізгі себептері жұмыскерлердің бастамасы бойынша. Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ. Талданған кезеңде Кәсіпорынның 22 жұмыскері тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық және әкімшілік сипаттағы жауапкершілікке тартылған жұмыскерлер анықталған жоқ.

Талданған кезеңде Кәсіпорында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына және Кәсіпорынның Әдеп кодексіне сәйкес жұмыскерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған 3 сабақ өткізіліп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Кәсіпорын жұмыскерлерінің өз лауазымдық міндеттерін атқару барысында сыбайлас жемқорлықтың көріністері мен Әдеп Кодексі талаптарының бұзылу жайттары орын алмаған.

Талданған кезеңде кадрлық шешімдердің қабылдануына шағымдар мен кадр мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

## **2) Мүдделер қақтығысын реттеу:**

Кәсіпорын қызметінде мүдделер қақтығысы анықталмады. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14-бабының талаптары – сақталынған:

- Жұмысқа қабылданған жұмыскерлердің кәсіпорын басшылығына қатыстылығы анықталған жоқ;
- Қолданыстағы заңнамаға сәйкес лауазымды тұлғаларға белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдардың бұзылуы орын алмаған.

## **4) Мемлекеттік қызметтерді көрсету:**

Кәсіпорында мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес көрсетіледі.

Талданған кезеңде барлығы: туу туралы медициналық куәлік – 2208; еңбекке уақытша жарамсыздық парағы – 104.

Мерзімдерін бұза отырып көрсетілген мемлекеттік қызметті алудан бас тарту, сапаға, жұмыскерлерге немесе көрсету мерзімдеріне келіп түскен шағымдар анықталған жоқ.

#### **4) Мемлекеттік сатып алу:**

Кәсіпорында мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 «Камералдық бақылауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық нысанда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады және өнім берушімен кез келген байланысты болдырмайды. Шарттарды жасасудың электрондық форматы веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер туралы толық және сенімді ақпаратты қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағасын анықтауға мүмкіндік берді. Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашық етуге бағытталған электрондық шарттар мен басқа да бірқатар нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді.

2022 жылдың 01 қаңтарынан 01 мамыр аралығында мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес Кәсіпорында 229 мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылды, оның ішінде 13-і ашық конкурс тәсілімен өткізілді. Баға ұсыныстарын сұрату бойынша – 151, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 65. Мемлекеттік сатып алулар бойынша жүргізілген жұмыстарды талдау барысында талданған кезеңде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 04 маусымдағы № 375 қаулысы негізінде Кәсіпорынның дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы арналған емдік өнімдерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сатып алу бойынша ішкі талдау жұмыс жүргізу барысында: мемлекеттік сатып алу бойынша Кәсіпорында медициналық бұйымдарды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы 14 хабарландыру беріліп, қалған 14-і хаттама негізінде 34 жеткізушілермен Келісім–шарт түзілген.

18.02.2022 жылы ТМҚКК және МӘМС бойынша СК Фармация бірліктерінің тізбесіне кірмейтін дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сатып алуға, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың негізінде 42 хабарландыру берілген (хаттама электрондық нұсқада сақталған).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес вэб-порталында көрсетілген келісім - шарттар бойынша 98 жеткізушілермен Келісім – шарт жасасқан.

Ағымдағы кезеңде аталған бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық анықталған жоқ.

#### **Ұсынымдар:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 04 маусымдағы №375 қаулысы бойынша Кәсіпорынның тендерлік комиссиясына оқу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады;
2. Тендерлік комиссияға аудио-бейне тіркеуді қолдану ұсынылады.
3. Мемлекеттік сатып алу Вэб-порталы арқылы берілген конкурс жүргізуге хабарлама беру алдында, берілген тауар/қызмет бағаларымен Кәсіпорын комплаенс – офицерінің келісімімен орындауды;
4. Қағаз жүзінде жасалған Келісім – шарттарды арнайы журналға тіркеп, шарт нөмірін беріп жүргізу.
5. Бөлім басшылары мен меңгерушілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау бойынша шаралар қабылдау.

#### **5) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау: .**

2022 жылдың 01 қаңтары мен 01 мамыр аралығында Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түспеген. «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі бойынша талданған кезеңде 2 өтініш түсіп, өтініштер өтініш берушінің өтініші негізінде кері қайтарылған.

Талданған кезеңде Кәсіпорын сенім телефонына жеке және заңды тұлғалардан өтініштер, арыз-шағымдар түспеген. Талдау нәтижелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында Кәсіпорын жұмыскерлеріне қатысты теріс жарияланымдар анықталған жоқ.

#### **Қорытынды:**

2022 жылдың 01 қаңтар мен 01 мамыр айлары аралығында жүргізілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша Кәсіпорында Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

#### **ҰСЫНЫМДАР:**

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін арттыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшейту мақсатында ұсынады:


1. Тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу және Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жарты жылда бір рет ішкі талдау жүргізу.

2. Іс-шаралар жоспарларына сәйкес Кәсіпорын жұмыскерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін түсіндіру бойынша жалпы оқытуды тұрақты негізде өткізу.
3. Кәсіпорынның комплаенс-офицеріне жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының, Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының қолданыстағы талаптары туралы білімін тексеру бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.


**Ішкі талдау жүргізу тобының жетекшісі**

  
\_\_\_\_\_ **Г.У. Танирбергенова**


**Ішкі талдау жүргізу тобының мүшелері:**

  
\_\_\_\_\_ **Д.Я. Сатов**

  
\_\_\_\_\_ **М.М. Исаев**

  
\_\_\_\_\_ **Н.К. Тургинбекова**

  
\_\_\_\_\_ **С.С. Абдикулова**

  
\_\_\_\_\_ **С.А. Абдикаримова**

  
\_\_\_\_\_ **М.К. Ережепов**